

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты  
Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы

Ахметжанұлы Бейбарыс

Жезқазған мыс сульфидті кенін өңдейтін жылдық өнімділігі 6 миллион тонна  
байыту фабрикасының жобасы

**ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА**

Мамандығы 5В073700-Пайдалы қазбаларды байыту

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты  
Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы



**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**

МжПҚБ кафедра меңгерушісі

Техника ғылымдарының кандидаты

 Барменшинова М.Б.

қолы

« 21 » 05 2019 ж.

### ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: «Жезқазған мыс сульфидті кенін өңдейтін жылдық өнімділігі 6 миллион тонна байыту фабрикасының жобасы»

Мамандығы 5В073700 - Пайдалы қазбаларды байыту

Орындаған  
Ахметжанұлы Б.

Ғылыми жетекші  
тех.ғыл.канд., профессор

 Шаутонов М.Р.  
қолы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті

Ө.А. Байқоңыров атындағы тау кен-металлургия институты  
«Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту» кафедрасы

5В073700 – Пайдалы қазбаларды байыту

**БЕКІТЕМІН**  
МЖПҚБ кафедра меңгерушісі  
Техника-ғылымдарының кандидаты  
Барменшинова М.Б.  
2019 ж.



**Дипломдық жобаны орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Ахметжанұлы Бейбарыс

Тақырыбы: «Жезқазған мыс сульфидті кенін өңдейтін жылдық өнімділігі 6 миллион тонна байыту фабрикасының жобасы»

Университет Ректорының «08» қазан 2018 жылғы №1113-б бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «04» мамыр 2019 жыл

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері:

Жобаланатын байыту фабрикасының өнімділігі – 6000000 т/ж.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Кіріспе. Шикізат қорының сипаттамасы. Жобаның технологиялық бөлімі;

б) Ұнтақтаудың су-шламды технологиялық сұлбаны есептеу;

в) Мыс сульфидтерін флотациялық өңдеу технологиясы;

г) Кен дайындау, байыту, қосалқы процестерінде қолданылатын құрал-жабдықтарды таңдау және есептеу;

д) Сәулет – құрылыстық шешімдер. Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау.

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

Сызба материалдарының сызбасы 10 слайдта көрсетілген.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атаудан тұрады.

Дипломдық жобаны дайындау

**КЕСТЕСІ**

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Технологиялық сұлбаның дәйектемесі мен есептеуі	25.02.2019 – 12.03.2019	<i>орындалған</i>
Құрал-жабдықтарды таңдау және есептеу	15.03.2019 – 25.03.2019	<i>орындалған</i>
Сызбаларды даярлау	27.03.2019 – 10.04.2019	<i>орындалған</i>
Түсіндірме жазбаны әрлеу	10.04.2019 – 4.05.2019	<i>орындалған</i>

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған **қолтаңбалары**

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ҒЫЛЫМИ ДӘРЕЖЕСІ, АТАҒЫ)	Қол қойылған күні	Қолы
Өндірістік бөлімі	М.Р. Шауенов т.ғ.к., профессор	<i>21.05.2019</i>	<i>[Signature]</i>
Норма бақылау	И.Ю. Мотовилов PhD, лектор	<i>20.05.2019</i>	<i>[Signature]</i>

Ғылыми жетекші: *[Signature]* қолы Шауенов М.Р.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы: *[Signature]* қолы Ахметжанұлы Б.

« *21* » *мамыр* 2019 ж.

Алматы 2019

## Протокол анализа Отчета подобия Научным руководителем

Заявляю, что я ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы

**Автор:** Ахметжанұлы Бейбарыс

**Название:** Жезказган мыс сульфидті кенін өңдейтін жылдық өнімділігі 6 миллион тонна байыту фабрикасының жобасы

**Координатор:** Мэлс Шаутинов

**Коэффициент подобия 1:** 1,6

**Коэффициент подобия 2:** 0,5

**Тревога:** 155

**После анализа Отчета подобия констатирую следующее:**

- обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, признаю работу самостоятельной и допускаю ее к защите;
- обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть, вновь отредактирована с целью ограничения заимствований.
- обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержится преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, не допускаю работу к защите.

Обоснование:

Выполненная студентом Ахмеджановым  
Бейбарисом дипломная работа является  
самостоятельной и не обладает признаками  
плагиата и допускаться к защите

М. Шаутиев

Дата 20.05.2019г.



Подпись Научного руководителя

Протокол анализа Отчета подобия

заведующего кафедрой / начальника структурного подразделения

Заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения заявляет, что ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

**Автор:** Ахметжанұлы Бейбарыс

**Название:** Жезказған мыс сульфидті кенін өңдейтін жылдык өнімділігі 6 миллион тонна байыту фабрикасының жобасы

**Координатор:** Мэлс Шаутинов

**Коэффициент подобия 1:** 1,6

**Коэффициент подобия 2:** 0,5

**Тревога:** 155

После анализа отчета подобия заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения констатирует следующее:

- ▣ обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, работа признается самостоятельной и допускается к защите;
- ▣ обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- ▣ обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, работа не допускается к защите.

Обоснование:

Выполненной студентом специальности 5В07370 -  
"Обогащение железных ископаемых" Ахметжанұлы  
Бейбарысқа қарсы бағытталған "Добросовестным и не  
обладают признаками плагиата. Обнаруженные  
заимствования в работе являются добросовестными  
виду общепринятых терминов и формул  
в процессе обогащения."

Дата 20.05.2019г.

Барменшинов М.Б.  
Подпись заведующего кафедрой /


начальника структурного подразделения



Окончательное решение в отношении допуска к защите, включая обоснование:

Выполненной студентом Ахметжанов  
Бейбарисом дипломной работы допущается  
к защите

М. Барменщикова



Дата 20.05.2019г.

Подпись заведующего кафедрой /

начальника структурного подразделения



Ғылыми жетекшінің пікірі

Дипломдық жоба

(жұмыс түрінің атауы)

Ахметжанұлы Бейбарис

(білім алушының І.І.С.І.)

5B073700- Пайдалы қазбаларды байыту

(мамандық атауы мен шифрі)

Тақырыбы:

«Незказған мөс сурьфидіңі кенің өндейі-  
тін жатдық өкімділігі 60 млн тонна байыту  
фабрикасының қобасы»

Дипломдық жобаға сәйкес берілген  
танымал қорымен орындалған. Дипло-  
мның осы тақырыпқа сай жүргізілген ғылыми  
зерттеу жұмыстарымен және алынған  
материалдың шикізатын өндейтін байыту  
фабрикаларының ішкі ірікбесімен таңқаларлық соның  
негізінде қамытты байыту процесінің техноло-  
гиялық сурьбасын қабылдады. Байыту аяқанда  
айқаралықпен кендікпенді аяқ процесіне  
қатынасты есептеулерді және оларда қолданы-  
латын құрал-жабдықтарды дүрсе таңдап  
есептеді.


Технологиялық сурьбаның саңды-санаты, су-  
лақандақ есептеулерді таңдап есептеді.  
Негізгі және қолданатын құрал-жабдықтарды  
таңдап, олардың саңдығын дүрсе есептеп таңдап.

Дипломдық жобаны орындау кезінде студент  
Ахметжанұлы Бейбарис өзін кен байыту саң-  
сының маманы ретінде дайын екенін көрсете  
білді. Орындалған дипломдық жобаға «Әйе мақса  
(90%)» деген баға қойылды, ал оның авторы  
«Пайдалы қазбаларды» мамандығының бакалавры  
деген атаққа лайықты деп санаймын.

Ғылыми жетекші

Профессор, техн.ғыл.канд.

(қызметі, ғыл дәрежесі, атағы)



Шаутенов Мәле Рахымұлы

қолы

Т.А.Ә.

«20» 05 2019 ж.

## АНДАТПА

Бұл дипломдық жоба мыс сульфидті кендерін байытатын Жезказған кен байыту фабрикасының байыту технологиялық процесін зерттейді.

Дипломдық жұмыс келесі бөлімдерден тұрады: Кен дайындау (ұсақтау,жіктеу,ұсақтау), флотациялық байыту, қосалқы процестері.

Кенді дайындау процесінің технологиялық сұлбасы: үш сатылы кенді ұсату және екі сатылы ұнтақтау. Мыс сульфидтерін байыту флотациялық әдіспен жүзеге асырылады. Флотация процесінің сұлбасы: негізгі флотация, бір бақылау және екі тазалау операциялары кіреді.

Кен өнімдердің технологиялық сұлбасының есептеулері жүргізілді,сонымен қатар су-шлам сұлбасы есептелді. Кенді өңдеудің технологиялық сұлбасын жүзеге асыру үшін негізгі және қосалқы жабдықтар таңдап алынды және есептелді. Қажетті көлемде жоба бөлімінің графикалық бөлімі ұсынылған.

## АННОТАЦИЯ

Дипломный проект посвящен проектированию обогатительной фабрики по переработке медной руды Жезказганского месторождения.

Дипломная работа состоит из следующих разделов: рудоподготовка (дробление, классификация, измельчение), флотационное обогащение, вспомогательные процессы обогащения.

Технологическая схема процесса рудоподготовки включает в себя: трехстадиальное дробление руды, двухстадиальное измельчение. Обогащение медных сульфидов осуществляется флотационным методом. Флотационная схема обогащения включает: основную флотацию, контрольную и две перечистные операции.

Произведены расчеты технологической схемы фабрики, а также произведен расчет водно-шламовой схемы. Для осуществления технологической схемы переработки руды, подобраны и рассчитаны основное и вспомогательное оборудование. В нужном объеме представлена графическая часть раздела проекта.

## ANNOTATION

This project explores the technological process of Zhezkazgan concentration factory in which include the enrichment of copper sulfide ores.

The thesis consists of the following sections: ore preparation (crushing,classification,grinding), flotation enrichment, auxiliary processes.

The technological scheme of ore processing of the ore preparation process includes: three-stage crushing, two-stage grinding. The enrichment of copper sulphides is using the floatation method. Flotation flowsheet included: primary flotation, one control and two roughing operations.

The calculations of the technological scheme of the factory, as well as the calculation of the water-slurry scheme. To implement the technological scheme of ore processing, selected and designed the main and auxiliary equipment. The graphic part of the project section is presented in the required volume.

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ		10
1	ЖОБАЛАНҒАН ӨНДІРІСТІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ	11
1.1	Шикізат қоры және оның сипаттамасы	11
1.2	Фабриканың цехтарының өнімділігі және жұмыс істеу тәртібі	12
1.3	Жобада қабылданған технологиялық сұлбаны және негізгі технологиялық корсеткіштерді таңдау және негіздеу	13
1.3.1	Сусыздандыру сұлбасын таңдау	14
1.4	Су-шлам схемаларын есептеу	14
1.4.1	Судың өнімдегі массасын анықтау	14
1.4.2	Сұйықтың қатты затқа қатынасын есептеу	15
1.4.3	Өнімдегі пульпа көлемін есептеу	15
1.4.4	Классификация ағызындысының номиналды ірілігін есептеу	15
1.5	Негізгі технологиялық құрал-жабдықтарды таңдау және есептеу	20
1.5.1	Кеннің ірілік құрамы	20
1.5.2	Кеннің орташа және үйінді тығыздығы	20
1.5.3	Ұсату жабдықтарын таңдау және есептеу	21
1.5.3.1	I саты ұсатқыштарды таңдау	21
1.5.3.1.1	ККД–1200 ұсатқышын тексеру	22
1.5.4	Сатылар бойынша ұсатылған өнімдердің ірілігі	23
1.5.5	Ұсатудың екінші және үшінші сатылары үшін түсіру тесігінің көлемін есептеу	24
1.5.6	Сатылар бойынша ұсақтау өнімдері үшін ірілік сипаттамаларын есептеу	24
1.5.7	Ұсатудың II сатысындағы ұсатқыштарға жүктемені есептеу	25
1.5.8	Ұсатудың III сатысындағы ұсатқыштарға жүктемені есептеу	25
1.5.9	КМД–1750–Т ұсатқыштың жүктемесін есептеу	25
1.5.10	КМД–2200–Т ұсатқыштың жүктемесін есептеу	26
1.5.11	Ұсатқыштар өнімділігін есептеу	27
1.5.11.1	II саты ұсатқыштар өнімділігін есептеу	27
1.5.11.2	III саты ұсатқыштар өнімділігін есептеу	28
1.5.11.2.1	III сатыдағы КМД–1750–Т ұсатқыштарының өнімділігін есептеу	28
1.5.11.2.2	III сатыдағы КМД–2200–Т ұсатқыштарының өнімділігін есептеу	28
1.5.12	Елеуіштертерді таңдау	29
1.5.12.1	Iрі ұсату	29

1.5.12.2	Орташа және ұсақ ұсату	30
1.5.13	ҰНТАҚТАУ ЖАБДЫҚТАРЫН ТАҢДАУ ЖӘНЕ ЕСЕПТЕУ	31
1.5.13.1	Ұнтақтау схемасын есептеу	31
1.5.14	Диірмен өнімділіктерін анықтау	32
1.5.14.1	I саты диірмендердің өнімділіктерін есептеу	33
1.5.14.2	II саты ұнтақтауды есептеу	34
1.5.15	Байыту бөлімінің құрал-жабдықтары	35
1.5.15.1	Флотация сызбасын есептеу	35
1.5.15.2	Флотация машиналарын есептеу	36
1.5.15.3	Сусыздану машиналарын таңдау және есептеу	37
1.5.15.4	Насостарды таңдау және есептеу	37
2	ЖОБАЛАНҒАН ӨНДІРІСТІҢ ҚОСАЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫ	39
2.1	Реагенттік шаруашылық	39
2.2	Жөндеу жұмыстары	39
2.3	Сынама алу және бақылау	40
2.4	Бункерлер мен қоймалар	40
2.5	Қалдық қоймасы	41
2.6	Электр энергия жүйесін қолданатындарға сипаттама	41
3	СӘУЛЕТ – ҚҰРЫЛЫСТЫҚ ШЕШІМДЕР	42
4	ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ	43
4.1	Еңбекті қорғау заңдары	43
4.2	Зиянды және қауіпті өндіріс факторларына анализ жасау	43
4.3	Өндірістік санитариясы	43
4.4	Шудан және дірілдеуден қорғау	44
4.6	Техника қауіпсіздігі	44
4.7	Қоршаған ортаны қорғау	44
	ҚОРЫТЫНДЫ	45
	ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	46

## КІРІСПЕ

Мыс- Қазақстан экономикасында үлкен рөл атқарады. Соның негізінде Қазақстан Республикасының тау-кен өнеркәсібінде мыс кенорындарын зерттеу және өңдеу өте қажетті сала болып табылады. 20 ғасырда Қаныш Имантайұлы Сәтбаев басшылығымен ашылған Жезқазған кенорны әлемдік деңгейлі кен орнына жатқызуға болады. Жезқазған байыту фабрикасы Қазақстанда мыс өндіру саласында басты рөл атқарады.

Мыс көптеген салаларда қолданылатына байланысты, әрқашан да сұранысқа ие болып келеді.

Жезқазған кенорны құрамына қарай аралас болып келеді. Яғни мыс минералдары әртүрлі түрде кездеседі. Бұл дипломдық жұмыста тек сульфидті мыс минералдарын байыту қаралстырылады. Байыту технологиясы қарапайым келеді, өйткені сульфидті мыс минералдарында гидрофобты қасиеті бар. Сол үшін қолданылатын реагенттер де аз. Олардың ішінде: жинағыш реагенттер (бірнеше ксантогеннаттар түрі), көбіктендіргіш, күкіртті натрий (тотыққан мыс минералдан активтендіру үшін).

Жоба бойынша фабриканың жылдық өнімділігі 6000000 т. Алынатын концентрат құрамында мыстың үлесі 25% ,ал бөліп алу дәрежесі 89%.

# 1 ЖОБАЛАНҒАН ӨНДІРІСТІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

## 1.1 Шикізат қоры және оның сипаттамасы

Жобаланатын байыту фабриканың шикізат қоры ретінде Жезқазған мыс кенорны. Жезқазған кенорнының радиусы 8 км құрайтын аймақтарда орналасқан.

Кен орнында жабық жер асты әдісімен табылады. Кен байыту фабрикасына сыйымдылығы 90 тонна думфалармен алып келінеді. Фабрика жылына 365 күн жұмыс істейді, жұмыс сегіз сағат графикпен үш ауысым кестісімен атқарылады. Кеннің байыту фабрикасына жеткізілуі күні бойы атқарылады.

Жезқазған кенорнындағы мыс минералдары мыстың құмдық типіне кіреді. Кен қаттылығы Протодяконов шкаласы бойынша 14 бірлік (орташа қаттылық), кен үйінді салмағы  $1,65 \text{ т/м}^3$ , үлестік салмағы  $2,7 \text{ т/м}^3$ , ылғалдылығы 5 % құрайды.

Негізгі кен минералдары: борнит 50 %, халькозин 30-35 % және халькопирит 10% жатады.

Бос жыныс минералдары құрамына кварц, дала шпаттары, карбонаттар, хлориттер, серицит және саздық заттар кіреді.

Кендегі кен минералдары бір-бірімен цементация процессіне байланысты тығыз байланысқан, сондықтан кенде қиын байытылатын қауышпалардың үлесі айтарлықтай жоғары келеді және олар біршама ұсақ ұнтақталынсада байытылуы қиын жүреді.

Ірілігі +0,21, +0,15, +0,10 мм кластардағы кен минералдары негізінде қауышпалар ретінде болады. Мыс минералдар қаттылығы бос жыныс минералдарынан әлдеқайда төмен, сол үшін олар тез майдаланады. Мыстың аталған ірілік кластарындағы үлесі 0,6-0,7 % құрайды. Бұл кен сульфидтік кендер категориясына жатқызуға болады. Кендегі тотыққан мыс үлесі 5 %-ға дейін жетуі мүмкін. Жезқазған мыс сульфидті кенінің химиялық талдауы 1 кестеде келтірілген.

Кесте – 1 Жезқазған кен орнының сульфидтік мыс кенінің химиялық талдауы

Элементтер және олардың қосылыстары	Үлесі, %
Мыс	0,9-1,6
Қорғасын	0,05-0,08
Мырыш	0,04-0,06
Темір	1,9-2,4



Фабрикада мыстан басқа күміс және рений табылады, ондай кезде олар мыспен бірге концентратқа бөлініп алынады. Күмістің концентратқа бөлініп алу дәрежесі жоғары, ал ренийдің бөліп алу дәрежесі төмен.

Жобаға сәйкес кендегі мыстың үлесі 1,5 %-ға тең.

## 1.2 Фабриканың цехтарының өнімділігі және жұмыс істеу тәртібі

Жобаланған жылдық өнімділік – 6 000 000 тонна.

Фабрика жылына 305 күн, 3 смена 8 сағаттан жұмыс істейді.

Ұсату цехның тәуліктік өнімділігі:

$$Q_{0 \text{ др.}} = \frac{Q_{\text{ж}}}{N * m * n * K_{\text{в др.}}} = \frac{6\,000\,000}{305 * 3 * 8 * 0.75} = 913,2 \text{ (913 т/сағ);}$$

Мұндағы:

$Q_{\text{ж}}$  – фабриканың жылдық өнімділігі;

$N$  - жылына күн саны;


$m$  - жұмысшылардың күніне ауысым саны;

$n$  - ауысым уақыты

$K_{\text{в др.}}$  – ұсату жабдықтарының пайдалану коэффициенті;

Қаттылығы орташа кендерге-  $K_{\text{в др.}}=0,75$

Ұсату III дәрежеде жүреді. Ұстау сызбанұсқасы 3 суретте көрсетілген.




Сурет 1- Ұсату сызбанұсқалары.

### 1.3 Жобада қабылданған технологиялық сұлбаны және негізгі технологиялық көрсеткіштерді таңдау және негіздеу

Жобалаға алынатын технология негізінде істеп тұрған фабриканың технологиялық сұлбасы және оның режимі таңдап алынды.

Алынған сұлба дұрыстығы келесі шарттармен түсіндіріледі: флотацияға таңдалған арнайы реагенттік режим, гранулометриялық құрамы әртүрлі пульпаларды өңдеу кезінде жоғары технологиялық көрсеткіштерге жетуге мүмкіндік туғызады. Сұлба байыту процесін жүргізуге кезінде, әр операцияларды реттеуді және бақылауды жеңілдетеді. Сонымен қатар жобалауда келесі өзгертулер енгізілді: Флотация құмды және шламды класс бірге флотацияланады.


Осыларды ескеру негізінде, жобаланатын фабриканың технологиясына 2 - суретте келтірілген сұлба көрсетілген.



Сурет 2- Жобаланатын фабриканың технологиялық сызбасы

### 1.3.1 Сусыздандыру сұлбасын таңдау

Сусыздандыру процесіне II тазалау флотациясынан шығатын мыс концентраты түседі. Дайындалған концентрат мыс балқыту зауытына тасымалдануын ескере отырып, концентрат ылғалдығы 15 % мөлшерінде болуы қажет. Мұндай сусыздандыру дәрежесін екі сатылы сусыздандырумен алуға болады. Сусыздандыру сұлбасы 3 суретте келтірілген.



Сурет 3- Сусыздандыру сұлбасы

### 1.4 Су-шлам схемаларын есептеу

Су-шлам схемасын есептеудің мақсаты ұнтақтау және классификация операцияларында Қ:С жағымды қарым-қатынасын қамтамасыз ету, сондай-ақ ұнтақтау өнімдерінің тығыздығын анықтау және классификацияда өнім жіктелуі мен көлемін анықтау және су бойынша балансты жасау болып табылады.

#### 1.4.1 Судың өнімдегі массасын анықтау

Судың өнімдегі массасы  $W_n$  деп белгіленеді. Әр операцияда судың массасын көрсетеді.

$$W_n = Q_n * \frac{100 - \%_{\text{Қатты}}}{\%_{\text{Қатты}}}, \text{ м}^3/\text{сағ};$$

Мұндағы:  $\%_{\text{Қатты } 1} = 70\%$  деп аламыз (білікті диірмендерге 70-75%);  $\%_{\text{Қатты } 3} = 45\%$  деп аламыз (гидроциклоннан кейін  $\beta_3^{-74} = 62\%$  үшін);  $\%_{\text{Қатты } 5} = 60\%$  деп аламыз (шарлы диірмендерге 55-60%);

Сонымен табылған судың массалары:  $W_0 = 41.9 \text{ м}^3/\text{сағ}$ ;  $W_1 = 341 \text{ м}^3/\text{сағ}$ ;  $W_2 = 844 \text{ м}^3/\text{сағ}$ ;  $W_3 = 972.9 \text{ м}^3/\text{сағ}$ ;  $W_4 = 217.7 \text{ м}^3/\text{сағ}$ ;  $W_5 = 514.7 \text{ м}^3/\text{сағ}$ ;

### 1.4.2 Сұйықтың қатты затқа қатынасын есептеу

Сұйықтың қатты затқа қатынасы  $R_n$  таңбасымен белгіленеді. Әр операцияда судың қатты затқа қатынасын көрсетеді.

$$R_n = \frac{W_n}{Q_n};$$

Сонымен табылған сұйықтың қатты затқа қатынастары:  $R_0 = 0.05$ ;  $R_1 = 0.42$ ;  $R_2 = 0.54$ ;  $R_3 = 1.22$ ;  $R_4 = 0.28$ ;  $R_5 = 0.67$ ;

### 1.4.3 Өнімдегі пульпа көлемін есептеу

Өнімдегі пульпа көлемі  $V_n$  таңбасымен белгіленеді. Әр операцияда Өнімдегі пульпа көлемін көрсетеді.

$$V_n = V_c + V_k = W_n + \frac{Q_n}{\delta_T}, \text{ м}^3/\text{сағ};$$

Сонымен табылған өнімдегі пульпа көлемдері:  $V_0 = 336.7 \text{ м}^3/\text{сағ}$ ;  $V_1 = 635.8 \text{ м}^3/\text{сағ}$ ;  $V_2 = 1424.7 \text{ м}^3/\text{сағ}$ ;  $V_3 = 1267.7 \text{ м}^3/\text{сағ}$ ;  $V_4 = 503.6 \text{ м}^3/\text{сағ}$ ;  $V_5 = 800.6 \text{ м}^3/\text{сағ}$ .

### 1.4.4 Классификация ағызындысының номиналды ірілігін есептеу

$$d_H = \frac{96.274}{2 - \lg R_{+74}} = \frac{96.274}{2 - \lg R_{+74}} = 229 \text{ мкм};$$

Мұндағы:  $R_{+74}$ - 74 мкм елеуіштің үстіндегі қалдық.


$$R_{+74} = 100 - \beta_c^{-74} = 100 - 62 = 38 \text{ \%};$$

Кесте 2- Салынған сызбаның су балансы

ТҮСЕДІ		ШЫҒАДЫ	
Өнім аты	Өнім массасы, т/сағ	Өнім аты	Өнім массасы, т/сағ
Кенмен су	41.9	Классификация ағызындысы	972.9
I ұнтақтау сатысындағы су	299.1		
Классификациядағы су	334.9		
II ұнтақтау сатысындағы су	297		
Негізгі флотация	1906.9	Бақылау флот. қалдықтары	3227.1

2 кесте жалғасы

ТҮСЕДІ		ШЫҒАДЫ	
Өнім аты	Өнім массасы, т/сағ	Өнім аты	Өнім массасы, т/сағ
Бақылау флотация	102.5	Кек	3
I тазалау флотация	374.6		
II тазалау флотация	32.4		
Қойылдыру	21.7		
Барлығы	4203	Барлығы	4203



Сурет 4- Ұнтақтаудың технологиялық сызбасы

Кесте 3- Сандық және сулы-шламдық схеманы есептеу нәтижелері

ТҮСЕЛДІ				ШЫҒАДЫ							
Өнім аты	Шығым, %	Қатты масса, т/сағ	Қатты мөлшері, %	Су массасы, т/сағ	Пульпа көлемі, м³/сағ	Өнім аты	Шығым, %	Қатты масса, т/сағ	Қатты мөлшері, %	Су массасы, т/сағ	Пульпа көлемі, м³/сағ
<b>I. I саты ұнтақтау</b>											
Кен	100	796	95	41.9	336.7						
Су	—	—	—	299.1	299.1	I саты диірмен ағызынды	100	796	70	341	635.8
Барлығы	100	796	70	341	635.8	Итого	100	796	70	341	635.8
<b>II. Классификация</b>											
I саты диірмен ағызынды	100	796	70	341	635.8	Гидроциклон ағызындысы	100	796	45	972.9	1267.7
II саты диірмен ағызынды	97	772	60	514.7	800.6	Гидроциклон құмы	97	772	78	217.7	503.6
Су	—	—	—	334.9	334.9						
Барлығы	197	1568	57	1190.6	1771.3	Барлығы	197	1568	57	1190.6	1771.3
<b>III. II саты ұнтақтау</b>											
Гидроциклон құмы	97	772	78	217.7	503.6	II саты диірмен ағызынды	97	772	60	514.7	800.6
Су	—	—	—	297	297						
Барлығы	97	772	60	514.7	800.6	Барлығы	141	717.7	57.5	530.5	769.7

3 Кесте жалғасы

ТҮСЕДІ						ШЫҒАДЫ					
Өнім аты	Шығым %	Қатты масса т/с ағ	Қатты көлемі ,%	Су массасы	Пульпа көлемі	Өнім аты	Шығым %	Қатты масса т/с ағ	Қатты мөлеші ,%	Су массасы	Пульпа көлемі
Негізгі флотация											
Гидроциклонның ағызындысы	100	45	796	972.9	1267.7	Негізгі флотация концентраты	27.5	33	218.9	444.4	525.5
Бақылау флотация концентраты	48.5	28	386.1	992.8	1135.8	Негізгі флотация қалдықтары	137.5	21	1094.5	4117.4	4522.8
I-тазалау флотациясының қалдықтары	16.5	16	131.3	689.3	737.9						
Су				1906.9	1906.9	Қорытынды	165	24	1313.4	4561.8	5048.3
Қорытынды	165	24	1313.4	4561.8	5048.3						
Бақылау флотация											
Нег. флот. қалдықтары	137.5	21	1094.5	4117.4	4522.8	33. Бақ. флот. концент.	48.5	28	386.1	992.8	1135.8
Су				102.5	102.5	34. Бақылау флотация қалдықтары	89	18	708.4	3227.1	3489,5
Қорытынды	137.5	23	1094.5	4219.9	4625.3	Қорытынды	137.5	23	1094.5	4219.9	4625.3
I тазалау флотация											
Негізгі флотация концентраты	27.5	33	218.9	444.4	525.5	I-тазалау флот. концентраты	15.9	35	126.6	235.1	282

3 Кесте жалғасы

II-тазалау флот.қалдықтары	4.9	27	39	105.4	119.8	I-тазалаудың қалдықтары	16.5	16	131.3	689.3	737.9
Су				374.6	374.6	Қорытынды	32.4	24	257.9	924.4	1019.9
Қорытынды	32.4	24	257.9	924.4	1019.9						
II тазалау флотация											
I-тазалау флот. концентраты	15.9	35	126.6	235.1	282	41. II-тазалау концентраты	11	42	87.6	97.7	129.8
						II-тазалау флот.қалдықтары	4.9	27	39	105.4	119.8
Су				32.4	32.4						
Қорытынды	15.9	30	126.6	203.1	249.6	Қорытынды	15.9	30	126.6	203.1	249.6
Қойылдыру											
II-тазалаудың концентраты	11	42	87.6	97.7	129.8	Қойылтылған концентрат	3	60	24	16	25
Фильтрат				20	20	Қойылдыр. ағызындысы				40	40
Су				21.7	21.7						
Қорытынды	3	30	24	56	65	Қорытынды	3	30	24	56	65
Сүзу											
Қойыл. конц.	3	60	24	16	25	Кек	2,2	85	17.5	3	9.5
						Фильтрат				13	13
Қорытынды	3	60	24	16	25	Қорытынды	3	60	24	16	25




## 1.5 Негізгі технологиялық құрал-жабдықтарды таңдау және есептеу

### 1.5.1 Кеннің ірілік құрамы

Кесте-4 Кеннің ірілік құрамы

Класс ірілігі, $D_{\max}$ үлесіне	Класс ірілігі, мм	Жеке шығым, %	«+» жиынтық шығым, % (R)	«-» жиынтық шығым, % (Y)	lgY
$+D_{\max}$	+800	0	0	—	
$-D_{\max} +^{1/2} D_{\max}$	-800 +400	45.0	45.0	100.0	2
$-^{1/2} D_{\max} +^{1/4} D_{\max}$	-400 +200	22.0	67.0	55.0	0.74
$-^{1/4} D_{\max} +^{1/8} D_{\max}$	-200 +100	18.0	85.0	33.0	0.52
$-^{1/8} D_{\max} +^{1/16} D_{\max}$	-100 +50	10.0	95.0	15.0	0.18
$-^{1/16} D_{\max} +^{1/32} D_{\max}$	-50 +25	3.8	98.8	5.0	0.69
$-^{1/32} D_{\max}$	-25	1.2	100.0	1.2	0.08



Сурет 5 - Кеннің ірілік сипаттамасы

### 1.5.2 Кеннің орташа және үйінді тығыздығы

Кесте 5 – Кеннің минералдық құрамы

Минерал аты	Химиялық формуласы	Кендегі үлесі, %	Минерал тығыздығы, т/м <sup>3</sup>
Халькопирит	$CuFeS_2$	0,4	4,2
Борнит	$Cu_5FeS_4$	0,5	5,1

5 кесте жалғасы

Халькозин	$\text{Cu}_2\text{S}$	0,3	5,6
Дала шпат	$\text{K}[\text{AlSi}_3\text{O}_8]$	36,0	2,6
Кварц	$\text{SiO}_2$	58,0	2,7
Кальцит	$\text{CaCO}_3$	4,5	2,8
Малахит	$\text{Cu}_2\text{CO}_3(\text{OH})_2$	0,2	4
Азурит	$\text{Cu}_3(\text{CO}_3)_2(\text{OH})_2$	0,1	3,7

Формула бойынша кеннің орташа тығыздығын есептейміз:

$$\delta_T = \frac{100}{\frac{\alpha_1}{\delta_1} + \frac{\alpha_2}{\delta_2} + \dots + \frac{\alpha_n}{\delta_n}} = \frac{100}{\frac{0,4}{4,2} + \frac{0,5}{5,1} + \frac{0,3}{5,6} + \frac{36}{2,6} + \frac{58}{2,7} + \frac{4,5}{2,8} + \frac{0,2}{4,0} + \frac{0,1}{3,7}} = 2.67 \text{ т/м}^3.$$

Формула бойынша үйінді тығыздығын анықтаймыз руды  $\mu = 0.4$ :

$$\delta_H = \delta_T * (1 - \mu) = 2.67 * (1 - 0.4) = 1.6 \text{ г/см}^3;$$

### 1.5.3 Ұсату жабдықтарын таңдау және есептеу

#### 1.5.3.1 I саты ұсатқыштарды таңдау

Формула арқылы ұсатудың жалпы дәрежесі анықталады:

$$S_{\text{общ}} = \frac{D_{\text{max}}}{d_H} = \frac{800}{12} = 66.67,$$

және ұсатудың орташа дәрежесі анықталады:

$$S_{\text{II}} = S_{\text{cp}} = (S_{\text{общ}})^{1/3} = 66.67^{1/3} = 4.05$$

Кесте 6 – Ұсатқыш параметрлері

Ұсатқыш түрі	Ең үлкен $D_{\text{max}}$ , мм	Номиналды түсіру тесігі, мм	Түсіру тесігінің өзгеру шектері, мм ( $i_{\text{max}}-i_{\text{min}}$ )	Өнімділікті шектері, м <sup>3</sup> /ч $q_{\text{max}}-q_{\text{min}}$
ЩДП-12x15	1000	150	110 – 190	225 – 335
ЩДП-15x21	1200	180	135 – 225	360 – 540
КҚД-1200	1000	150	130 – 180	550 – 800
КҚД-1350	1100	180	160 – 200	1200

### 1.5.3.1.1 ККД–1200 ұсатқышын тексеру

Алдын ала деректерді алу үшін есептеулерде жүктеу коэффициенті  $K_3 = 0.85$  тең деп алынады. Осыған орай ұнтақтау өнімділігі:  $Q_p = Q_0 / 0.85 = 913 / 0.85 = 1074$  т/сағ.

Ұсатқыштың түсіру тесігі осы формулаға сәйкес анықталады:

$$Q_p = K_f * K_K * K_w * \delta_H * q_{min}$$

$$i_p = i_{min} + \frac{Q_p - K_f * K_K * K_w * \delta_H * q_{min}}{(q_{max} - q_{min}) * K_f * K_K * K_w * \delta_H} * (i_{max} - i_{min}), \text{ мм.}$$

$$i_p = 150 \text{ мм.}$$

$i_p = i_H$  (150 = 150) болғандықтан осы ұсатқышты таңдауға болады. Бұл жағдайда бірінші сатыда ұсақталған өнімнің ірілігі:

$$d_I = i_p * Z_I = 150 * 1.5 = 225 \text{ мм.}$$

Мұндағы:

$Z_I$ - салыстырмалы ең үлкен ірілік ККД–1200-ге  $Z_I = 1,5$ .

Бұл вариант үшін есептелген ұсату дәрежесі:

$$S_I = 800 / 225 = 3.56; \quad S_{cp} = S_{II} = 4.05;$$

$$S_{III} = \frac{66.67}{3.56 * 4.05} = 4.7.$$

Есептелген ұсақтағыш өнімділігі:

$$800 - 540$$

$$Q_p = 1.0 * 1.03 * 1.0 * [550 + \frac{800 - 540}{180 - 130} * (150 - 130)] * 1.6 = 1071.2 \text{ т/сағ.}$$

Жүктеу коэффициенті:

$$K_3 = \frac{913}{1071,2} = 0.85.$$

Кесте 7- I сатылы ұсатқыштарды таңдау үшін есептік мәндер

Ұсатқыш түрі	Ұсатқыш жүктемесі $Q_0$ немесе $Q_2$ , т/сағ	Есептік өнімділік, т/сағ	Есептеу түсіру тесігі, мм	Ұсақталған өнімнің номиналдық ірілігі, мм	Сатылар бойынша ұсату дәрежесі			Жүктеу коэффициенті	Ұсыныстар
					$S_I$	$S_{II}$	$S_{III}$		
ЩДП–12x15	1074	—	—	—	—	—	—	—	-
ЩДП–15x21	1074	—	—	—	—	—	—	—	-
ККД–1200	1074	1071.2	150	225	3.56	4.05	4.7	0.85	+
ККД–1200	824	989	140	210	3.8	4.05	4.3	0.83	-

Кестеге сүйене отырып I ұсату сатысында ККД 1200 ұсатқышын қолдану дұрыс. Өйткені ШДП 12x15 және ШДП 15x21 ұсатқыштары кенге келмейді.

#### 1.5.4 Сатылар бойынша ұсатылған өнімдердің ірілігі

Сатылар бойынша ұсатылған өнімдердің ірілігі:

I сатыда –  $d_I = D_{\max} / S_I = 800 / 3.56 = 225$  мм;

II сатыда –  $d_{II} = d_I / S_{II} = 225 / 4.05 = 56$  мм;

III сатыда –  $d_{III} = d_{II} / S_{III} = 56 / 4.7 = 12$  мм.

#### 1.5.5 Ұсатудың екінші және үшінші сатылары үшін түсіру тесігінің көлемін есептеу

Кесте бойынша  $d_I = 225$  мм үшін КСД–1750–Гр ұнтақтағышын таңдаймыз. Кесте бойынша  $d_{II} = 56$  мм үшін қаттылығы орташа кен үшін  $Z_{II}$  мәні  $Z_{II} = 1.7$  тең.

КСД–1750–Гр ұсатқышының түсіру тесігі:

$$i_p = d_{II} / Z_{II} = 56 / 1.7 = 33 \text{ мм.}$$

II саты үшін елеу көрсеткіштері:  $a_{II} = d_{II} = 56$  мм,  $E_{II} = 75$  %.

$d_{II} = 56$  мм үшін кесте бойынша III сатыда салыстыру үшін КМД–1750–Т ұсатқышы қабылданады. Салыстыру келтірілген нұсқалар үшін жүргізіледі:

эталонды режим –  $i_{III} = d_H = 12$  мм,  $a_{III} = d_H = 12$  мм,  $E_{III} = 85$  %;

эквивалентті режим №1 –  $i_{III} = 0.8 * d_H = 10$  мм,  $a_{III} = 1.2 * d_H = 16$  мм,  $E_{III} = 85$  %;

эквивалентті режим №2 –  $i_{III} = 0.8 * d_H = 10$  мм,  $a_{III} = 1.4 * d_H = 17$  мм,  $E_{III} = 65$  %.

Кесте 8- II және III сатыдағы ұсақтау параметрлері

Ұсату сатысы	Ұсатқыш түрі	Ұсату режимі	S	$d_H$ , мм	Z	$i_p$ , мм	a, мм	E, %
II	КСД–1750–Гр	—	4.00	56	1.7	33	56	75
III	КМД–1750–Т	эталонды	6.25	12	—	12	12	85
		эквивалентті №1	6.25	12	—	10	16	85
		эквивалентті №2	6.25	12	—	10	17	65

### 1.5.6 Сатылар бойынша ұсақтау өнімдері үшін ірілік сипаттамаларын есептеу

Кесте 9 - I саты ұсатудан кейінгі өнім ірілігінің типтік сипаттамасы ( $d_n = 225$  мм,  $i_p = 150$  мм)

Анықталатын класс, $i_p$ үлесімен	Класс ірілігі, мм	Класс шығым «+», %	Класс шығым «-», %
$0.2 * i_p$	30	85	15
$0.4 * i_p$	60	75	25
$0.8 * i_p$	120	50	50
$1.2 * i_p$	180	20	80
$Z_I * i_p$	225	5	95

Кесте 10 - I саты ұсатудан кейінгі өнім ірілігінің есептік сипаттамасы


Класс ірілігі, мм	Класстың «-» есептік шығымы, %	Класс «+» шығымы, %
30	$\beta_4^{-30} = \beta_0^{-35} + b_0^{+150} * \beta_3^{-30} = 2 + 0.85*15 = 15$	85
60	$\beta_4^{-60} = \beta_0^{-60} + b_0^{+150} * \beta_3^{-60} = 4 + 0.85*25 = 25$	75
120	$\beta_4^{-120} = \beta_0^{-120} + b_0^{+150} * \beta_3^{-120} = 12 + 0.84*50 = 54$	46
180	$\beta_4^{-180} = \beta_0^{-180} + b_0^{+180} * \beta_3^{-180} = 17 + 0.79*80 = 80$	20
225	$\beta_4^{-225} = \beta_0^{-225} + b_0^{+225} * \beta_3^{-225} = 20 + 0.68*95 = 85$	15

Кесте 11- II саты ұсатудан кейінгі өнім ірілігінің типтік сипаттамасы


Анықталатын класс, $i_p$ үлесімен	Класс ірілігі, мм	Класс шығым «+», %	Класс шығым «-», %
$0.2 * i_p$	11	80	20
$0.4 * i_p$	22	60	40
$0.8 * i_p$	34	33	67
$1.2 * i_p$	45	17	83
$Z_I * i_p$	56	6	94

Кесте 12- I саты ұсатудан кейінгі өнім ірілігінің есептік сипаттамасы

Класс ірілігі, мм	Класстың «-» есептік шығымы, %	Класс «+» шығымы, %
11	$\beta_8^{-11} = \beta_4^{-11} + b_4^{+32} * \beta_7^{-11} = 4 + 0.90*20 = 22$	78
22	$\beta_8^{-22} = \beta_4^{-22} + b_4^{+32} * \beta_7^{-22} = 7 + 0.90*40 = 43$	57
34	$\beta_8^{-34} = \beta_4^{-34} + b_4^{+34} * \beta_7^{-34} = 14 + 0.86*67 = 72$	28
45	$\beta_8^{-45} = \beta_4^{-45} + b_4^{+45} * \beta_7^{-45} = 18 + 0.80*83 = 84$	16
56	$\beta_8^{-56} = \beta_4^{-56} + b_4^{+56} * \beta_7^{-56} = 23 + 0.74*94 = 92$	8



Сурет 6- I саты ұсатудан кейінгі өнім ірілік сипаттамасы



Сурет 7- II саты ұсатудан кейінгі өнім ірілік сипаттамасы

### 1.5.7 Ұсатудың II сатысындағы ұсатқыштарға жүктемені есептеу

Ұсатудың II сатысындағы ұсатқыштардың өнім шығымын мен жүктемесін есептейміз. Еленетін класс-56 мм. I саты ұсатудан кейін өнімдегі еленетін класстың құрамы  $\beta_4^{-56} = 26\%$ . Еленетін класстың салмағы формулаға сәйкес анықталады:

$$Q_5 = Q_4 * \beta_4^{-56} * E_{II} = 913 * 0.26 * 0.75 = 178 \text{ т/сағ}$$

Ұсатқыштың жүктігі:

$$Q_6 = Q_4 - Q_5 = 913 - 178 = 735 \text{ т/сағ.}$$

### 1.5.8 Ұсатудың III сатысындағы ұсатқыштарға жүктемені есептеу

Өнім шығымын және ұсатудың III сатысындағы ұсақтағыштардың жүктелуін есептейміз. Өнім салмағы 8 С мынадай формула бойынша анықталады:

$$Q_{8C} = Q_8 * \left( \frac{1}{E_{III}} + \frac{\beta_8^{+a}}{\beta_{11}^{-a}} \right), \text{ т/ч.}$$

$$Q_{10} = Q_{8C} - Q_{12} = Q_{8C} - Q_0, \text{ т/ч.}$$

Өнімнің ірілігі –56 мм ұсату үшін КМД–1750–Т және КМД-2200-Т типті ұсатқыштар орнатуға болады.

### 1.5.9 КМД–1750–Т ұсатқыштың жүктемесін есептеу

1) КМД–1750–Т ұсатқышының эталонды режимі ( $a_{III} = 12$  мм,  $i_{III} = 12$  мм,  $E_{III} = 85\%$ ).  $i_{III} = 12$  мм үшін өнімнің номиналды ірілігі  $d_n = 22 + (27 -$

22)\*(12 – 10)/(15 – 10) = 24 мм.  $a_{III}/d_H = 12/24 = 0.5$  қатынасы. Бұндай қатынас шығымы  $\beta_{11}^{-12} = 70\%$  құрайды. 8 өнім ірілік сипаттамасы бойыша  $\beta_8^{+12} = 78\%$ .

$$Q_{8C} = 2136 \text{ т/сағ.}$$

Ұсатқыштың жүктігі:  $Q_{10} = 2136 - 913 = 1223 \text{ т/сағ.}$

2) КМД–1750–Т ұсатқышының №1 эквивалентті режимі ( $a_{III} = 16 \text{ мм}$ ,  $i_{III} = 10 \text{ мм}$ ,  $E_{III} = 85\%$ ).  $i_{III} = 10 \text{ мм}$  үшін өнімнің номиналды ірілігі  $d_H = 22 \text{ мм}$ .  $a_{III}/d_H = 16/22 = 0.73$  қатынасы. Бұндай қатынас шығымы  $\beta_{11}^{-16} = 78\%$  құрайды. 8 өнім ірілік сипаттамасы бойыша  $\beta_8^{+16} = 73\%$ .

$$Q_{8C} = 1977 \text{ т/сағ.}$$

Ұсатқыштың жүктігі:  $Q_{10} = 1977 - 913 = 1064 \text{ т/сағ.}$

3) КМД–1750–Т ұсатқышының №2 эквивалентті режимі ( $a_{III} = 17 \text{ мм}$ ,  $i_{III} = 10 \text{ мм}$ ,  $E_{III} = 65\%$ ).  $i_{III} = 10 \text{ мм}$  үшін өнімнің номиналды ірілігі  $d_H = 22 \text{ мм}$ .  $a_{III}/d_H = 17/22 = 0.77$  қатынасы. Бұндай қатынас шығымы  $\beta_{11}^{-17} = 78\%$  құрайды. 8 өнім ірілік сипаттамасы бойыша  $\beta_8^{+17} = 72\%$ .

$$Q_{8C} = 2246 \text{ т/сағ.}$$

Ұсатқыштың жүктігі:  $Q_{10} = 2246 - 913 = 1333 \text{ т/сағ.}$

### 1.5.10 КМД–2200–Т ұсатқыштың жүктемесін есептеу

1) КМД–2200–Т ұсатқышының эталонды режимі ( $a_{III} = 12 \text{ мм}$ ,  $i_{III} = 12 \text{ мм}$ ,  $E_{III} = 85\%$ ).  $i_{III} = 12 \text{ мм}$  үшін өнімнің номиналды ірілігі  $d_H = 30 + (38 - 30)*(12 - 10)/(15 - 10) = 33 \text{ мм}$ .  $a_{III}/d_H = 12/33 = 0.36$  қатынасы. Бұндай қатынас шығымы  $\beta_{11}^{-12} = 50\%$  құрайды. 8 өнім ірілік сипаттамасы бойыша  $\beta_8^{+12} = 78\%$ .

$$Q_{8C} = 2502 \text{ т/сағ.}$$

Ұсатқыштың жүктігі:  $Q_{10} = 2502 - 913 = 1589 \text{ т/сағ.}$

2) КМД–2200–Т ұсатқышының №1 эквивалентті режимі ( $a_{III} = 14 \text{ мм}$ ,  $i_{III} = 10 \text{ мм}$ ,  $E_{III} = 85\%$ ).  $i_{III} = 10 \text{ мм}$  үшін өнімнің номиналды ірілігі  $d_H = 30 \text{ мм}$ .  $a_{III}/d_H = 14/30 = 0.46$  қатынасы. Бұндай қатынас шығымы  $\beta_{11}^{-16} = 69\%$  құрайды. 8 өнім ірілік сипаттамасы бойыша  $\beta_8^{+16} = 74\%$ .

$$Q_{8C} = 2056 \text{ т/сағ.}$$

Ұсатқыштың жүктігі:  $Q_{10} = 2056 - 913 = 1143 \text{ т/сағ.}$

3) КМД–2200–Т ұсатқышының №2 эквивалентті режимі ( $a_{III} = 17 \text{ мм}$ ,  $i_{III} = 10 \text{ мм}$ ,  $E_{III} = 65\%$ ).  $i_{III} = 10 \text{ мм}$  үшін өнімнің номиналды ірілігі  $d_H = 30 \text{ мм}$ .  $a_{III}/d_H = 17/30 = 0.56$  қатынасы. Бұндай қатынас шығымы  $\beta_{11}^{-17} = 73\%$  құрайды. 8 өнім ірілік сипаттамасы бойыша  $\beta_8^{+17} = 72\%$ .

$$Q_{8C} = 2310 \text{ т/сағ.}$$

Ұсатқыштың жүктігі:  $Q_{10} = 2310 - 913 = 1397 \text{ т/сағ.}$

Есептелген деректер 14- кестеге жинақталады.

Кесте 13- Ұсатқыштарды таңдау үшін есептік деректер

	Ұсату сатысы, ұсатқыш типі және ұсату режимі	Бастапқы $D_{max}$ , мм	$i_p$ , мм	Ұсатқыштың жүктігі, т/сағ
